

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Стратегиялық басқару тұжырымдамасы	4
Ішкі тәуекелдерді басқару жүйесі	5
Негізгі стратегиялық қағидаттар	6
Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры.....	6
Дүниетанымдық тұжырымдама.....	7
Қор миссиясы.....	7
Қордың негізгі өкілеттіліктері.....	7
Қордың 2007-2009 жылдардағы негізгі жетістіктері	8
Қазақстанның қаржы нарығындағы ахуалы және 2010-2012 жылдардағы депозит нарығының даму келешегі	9
Қазақстан экономикасына жалпы шолу	9
Мемлекеттік дағдарысқа қарсы бағдарлама мен оның нәтижелері	9
Банк секторы, оның негізгі тәуекелдері	10
Қазақстанның бөлшек депозит нарығы	11
Қордың арнайы резерві	12
Қордың 2010-2012 жылдардағы стратегиялық міндеттері	13
Қордың 2007-2009 жылдардағы стратегиялық міндеттерінің орындалу дәрежесін бағалау кестесі	14
1. Тиімді корпоративтік басқару және әріптестік	16
1.1. Акционермен, уәкілетті органмен және қатысушы банктермен өзара қарым-қатынас	16
1.2. Шетелдік халықаралық институттармен өзара қарым-қатынас	17
2. Қор активтерін оңтайлы қолдану	18
3. Қордың операциялық қызметі	19
3.1. Мәжбүрлеп таратылатын банктің депозиторларына кепілдік берілген өтемақыны төлеу механизмін жетілдіру	19
3.2. Қордың арнайы резервінің қалыптасу рәсімін дамыту	19
3.2.1. Арнайы резервтің тапшылығын қаржыландырудың балама көздері	19
3.3. Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік салымдарының сараланған мөлшерлемелерінің методологиясын дамыту	20
3.4. Арнайы резервті қалпына келтіру бойынша Қор қызметтерін іске асыру	20
3.4.1. Неғұрлым аз шығындар қағидатына негізделген проблемалы банктерді қайта құрылымдаудың тиімді әдістерін енгізу жөніндегі ұсыныстарды өндіру.....	21
3.5. Қор қызметінің ішкі процедураларын құқықтық қамтамасыз ету және Қордың методологиялық жұмысы.....	21
3.6. Қор қызметін ақпараттық қамтамасыз етуді дамыту	21
3.7. Депозиттерге кепілдік беру мәселелері бойынша халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары	22
4. Адам ресурстарын басқару	23
5. Қор жобаларын дамыту үшін консультанттар тарту	23
Қордың 2010-2012 жылдардағы стратегиялық міндеттерін бағалау кестесі	24
Қаржылық жоспар: Қосымша 1-6.....	26

ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	—	Акционерлік қоғамы
ДКБЖ, Жүйе	—	Депозиттерге кепілдік беру жүйесі
Заң	—	«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
Қаржы қадағалау агенттігі, ҚҚА	—	Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі
Қатысушы банк	—	Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын банк
ҚҚҚ	—	Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы
Қор	—	«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы
ҚР	—	Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банк	—	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
IADI	—	Депозиттерді Сақтандыру Жүйелерінің Халықаралық Ассоциациясы

Қордың 2010-2012 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары Қазақстандағы жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік беру жүйесін одан әрі дамыту бойынша басым мақсаттары мен міндеттерін белгілеуге көзделген.

КІРІСПЕ

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ 2010-2012 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында Қордың алдағы үш жылға арналған қызметінің стратегиялық бағыты, мақсаттары және басымдылықтары анықталған.

Біздің стратегиялық бағытымыз экономикалық орта мен жоспарланған кезең ішінде күтілетін тәуекелдерді талдауға негізделген. Қор кешенді стратегиялық басқарудың тұжырымдамасы негізінде дамиды, ол Қор ұшырауы мүмкін неғұрлым елеулі тәуекелдерді талдауды, оларды барынша азайту бойынша тиімді шаралар мен іс-қимылдарды әзірлеуді, ДКБЖ-ны дамытудың сапалы жаңа кезеңдеріне көшу мақсатында Қор қызметінің негізгі бағыттарын одан әрі жетілдіруді қамтиды.

Қордың стратегиялық даму жоспары біздің миссиямызды тиімді жүзеге асырудың бағытын, сондай-ақ біздің **дүниетанымдық тұжырымдамамыз** – өз **миссиямызды** әлем тәжірибесінің ең үздік жетістіктерін қолдана отырып, депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйесі болуға қол жеткізу үшін жұмсайтын күш-жігерімізді болжайды.

Қордың жетістіктері. Қор өте аз уақыт кезеңі ішінде өз дамуында «рау-box» жүйесінен немесе «қаражат жинақтауға арналған себеттен» сапалы жаңа деңгейге – барабар бағалауға арналған құралға және оған тән тәуекелдерді нақты басқаруға ие жүйеге өте отырып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Депозиттерге мемлекет кепілдігі. Өткен үш жыл ішінде мемлекеттегі және одан тыс жерлердегі жалпы экономикалық ахуал, күрделі проблемалар мен анықсыздықты әкеле отырып күшті шиеленісті. Ішкі және сыртқы қаржылық ландшафтыдағы осындай өзгерістер ғаламдық қаржылық дағдарыстың әсерін жеңілдетуге және қаржылық тұрақсыздық проблемасына қадала назар салуға бағытталған бірқатар мемлекеттік және реттеуші шараларды қабылдауға алып келді.

Қордың алдағы кезеңге арналған жоспары. Біздің назарымыз жоспарланған кезең ішінде келесі бағыттарды дамыту арқылы халықтың қазақстандық банк жүйесіне сенімін сақтауға шоғырланатын болады: (1) депозиттерге міндетті кепілдік беру саласындағы заңнамаларды жетілдіру және проблемалы банктерді тиімді қайта құрылымдау мен тарату, (2) көрсетілген заңнама нормаларын практикалық табысты жүзеге асыру, (3) қатысушы банктердің күнтізбелік салымдарының сараланған мөлшерлемелерінің методологиясын жетілдіру, (4) тәуекелдер талдауларын және Қордың қызметін бақылауды күшейту, (5) Қордың өзінің негізгі қызметтерін орындауға шұғыл дайындығын қамтамасыз ету. Сондай-ақ, салымшылардың хабардарлығын арттыру мен олардың ДКБЖ-нің қызметі қағидаттарын түсінушілігіне бағытталған жұмыстар күшейтілетін болады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Қор өз қызметін жоспарлауды жүзеге асыру кезінде ішкі тәуекелдерді басқару жүйесінің негізі ретінде, біршама елеулі тәуекелдерді талдауды қамтитын кешенді стратегиялық басқару тұжырымдамасына негізделеді.

Стратегиялық жоспарлау процесінде мынадай факторлар ескеріледі:

- ДКБЖ және Қор жұмыс істейтін орта;
- негізгі тәуекелдер және олардың салдарларын анықтау мен топтастыру;
- Қордың негізгі серіктестерін бірегейлендіру;
- ҚДКБҚ қол жеткізуге ниет еткен нәтижелер; және
- Қор тәуекелдерін төмендетуге бағытталған стратегиялар және іс-шаралар.

Миссия

**Дүниетанымдық
тұжырымдама**

Қызметтері мен өкілеттіктері

**Негізгі
стратегиялық қағидаттары**

Мақсаттары
Қол жеткізілуі тиіс нәтижелер

Бастамалар
Мақсаттарға қол жеткізу үшін Қор қабылдауы тиіс іс-шаралар

Есептілік және есеп берушілік жүйесі

ІШКІ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Біршама тиімділікке қол жеткізу үшін Қордың қызметін жоспарлау процесі Қордың ішкі тәуекелдерін басқару процесімен интеграцияланған. Қор 2008 жылы «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-да тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру ережесін» (Акционердің 31/07/08 ж. № 120 шешімі) әзірледі және қабылдады, соның негізінде Қорда оған әсер ететін елеулі тәуекелдерді анықтау үшін ішкі тәуекелдерді басқару жүйесі жұмыс істейді. Осылайша біртұтас болып бірлесу Қордың стратегиялық бағытын анықтауға және аталған тәуекелдерге сәйкес басымдықтарды орнатуға мүмкіндік береді.

Ішкі тәуекелдерді басқару процесі



ҚДКБҚ тәуекелдерді басқару жүйесінің көмегі арқылы Қорға жоспарланған кезеңде әсер ететін елеулі тәуекелдерді анықтады және бағалады, сондай-ақ Қордың күшті және әлсіз жақтары бағаланды. Аталған іс-шара анықталған тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлеу мақсатында жүзеге асырылды.

НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚАҒИДАТТАР

Қор өз қызметінде келесідей негізгі стратегиялық қағидаттарды ұстанатын болады:

Күшті корпоративтік басқару және әріптестік

Қаржылық қызметтің транспаренттілігі мен қаржылық қызметін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қордың күшті басшылығы мен басқаруын демонстрациялау. Мұның астарында Қордың өзінің жалғыз Акционеріне есеп берушілігі және ақпарат пен есептіліктің сайма-сай және жеткілікті ашылуы түсініледі. Біздің әріптестерімізбен-реттеушілермен, қатысушы банктермен, IADI және жеткізушілермен тиімді жұмысымыз — біздің мақсаттарымызға жетуімізге және жүктелген қызметтерді тиімді орындауға көмектеседі.

Операциялық дайындық

Жүктелген міндет пен қызметті тиімді және уақытында орындау дайындығы. Бұл тиісті жүйелер мен процестердің тиімді және үздіксіз жұмыс істеуін, Қор қызметкерлерінің қажетті дағдылар мен білімдерге ие болуын, жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін тәуекелдерді болжау, бағалау мен басқару мүмкіндіктерінің болуын қамтиды.

Қоғамның тиімді хабардарлығы

Халыққа депозиттерге кепілдік беру жүйесінің артықшылықтарын, оның жұмыс істеу тәртібі мен жағдайларын түсіндіруге арналған қоғамды тиімді хабардар ету жүйесін орнату.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

1999 жылдың қарашасында құрылған қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі қаржылық тұрақтылық пен халықтың отандық банк жүйесіне деген сеніміне қолдау көрсетуде бірнеше мәрте өзінің маңыздылығын растады.

2006 жылғы 7 шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы депозиттерге кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеуінің құқықтық негізі болып табылады.

ҚДКБҚ жоғары органы болып Акционер – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі табылады. Басқару органы болып Қордың Директорлар Кеңесі табылады. Қордың Директорлар Кеңесі сегіз мүшеден – Ұлттық Банк төрағасының орынбасарынан, Қаржылық қадағалау агенттігі төрағасының орынбасарынан, Ұлттық Банк бөлімшесінің үш басшысынан, екі тәуелсіз директорлардан, олардың бірі «Қазақстан Қаржыгерлерінің ассоциациясы» ЗТБ өкілі болып табылады және Қор Төрайымынан тұрады. Ұлттық банк төрағасының орынбасары Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

Стратегиялық жоспарлардың орындалуын бақылауды Қордың Директорлар кеңесі жүзеге асырады. Үздіксіздік қағидаты Қордың стратегиялық жоспарлауының негізінде жатыр, соған байланысты құжат жыл сайын Қордың алдағы 3 жылға даму жоспарын нақтылау үшін қайта қаралады.

ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМА

- ✓ депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйелерін құрудың халықаралық қағидаттарына сәйкес келетін;
- ✓ ең үздік әлемдік тәжірибесін қолдана отырып өз миссиясын орындайтын ұйым болу.

ҚОР МИССИЯСЫ

- ✓ Қордың негізгі миссиясы банкілік депозиттерге кепілдік беру арқылы депозит салымшыларының мүдделерін қорғау және қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда, олардың шығындарын өтеу болып табылады.
- ✓ Қор өзінің миссиясын тиімді орындауы үшін халықтың депозиттеріне кепілдік беруді жүзеге асырумен және Қазақстанның банк секторының тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысумен байланысты өзінің негізгі міндеттерін жоғары кәсіби деңгейде орындауға ұмтылады.
- ✓ Өз міндеттерін орындау кезінде Қор негізгі күшін Қордың тәуекелдерін және ықтимал шығындарын біруақтылық азайтуға бағыттайды.

ҚОРДЫҢ НЕГІЗГІ ӨКІЛЕТТІЛІКТЕРІ

Қор мынадай негізгі өкілеттіліктерге ие:

- жүйенің қатысушы банкі мәжбүрлеп таратуға ұшыраған жағдайда кепілдік берілген өтемақысын төлеу;
- кепілдік берілген өтемақыны төлеуге арналған арнайы резервті қалыптастыру;
- Қор қаражаттарын тиімді инвестициялау;
- Қосылу шартымен ережелерді анықтау арқылы қатысушы банктерге қойылатын талаптарды белгілеу;
- қатысушы банктердің жарналарды төлеу тәртібін анықтау;
- қатысушы банктердің кепілдік берілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған деректер қорының Қор талаптарына сәйкестігін анықтау;
- қатысушы банктің консервациясы кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына кіру;
- қатысушы банктің барлық банкілік операцияларды жүргізуге арналған лицензияларынан айыру кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына кіру;
- тарату комиссиясының және мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің кредиторлар комитетінің құрамына кіру.

ҚОРДЫҢ 2007-2009 ЖЫЛДАРДАҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ

2007 ж.

- «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңының күшіне енуі;
- қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелер жүйесінің енгізілуі;
- қатысушы банктің, тарату комиссиясының және мәжбүрлеп-таратылатын қатысушы банктің кредиторлар комитетінің барлық банкілік операцияларды жүргізуге арналған лицензияларынан айыру кезеңіне байланысты енгізілген, уақытша әкімшіліктің құрамына міндетті қатысу түріндегі Қор өкілеттілігін кеңейту;
- «Валют-Транзит Банк» АҚ-мен барлық банкілік операцияларды жүргізуге арналған лицензиясынан айырылуына байланысты енгізілген уақытша әкімшілікке басшылық ету;
- «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссиясы және кредиторлар комитетіне қатысу;
- «Валют-Транзит Банк» АҚ-ның 90%-дан аса салымшыларына кепілдік берілген өтемақыны төлеу.

2008 ж.

- Қор тәуекелдеріні басқаруды ұйымдастыру ережесін бекіту;
- Акционердің, директорлар кеңесі мен Қордың атқарушы органдарының арасында өзара қарым-қатынасты реттейтін Корпоративтік басқару кодексін бекіту;
- Қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда, Қор төлейтін кепілдік берілген өтемақы сомасын көбейту;
- Қордың жарғылық капиталын көбейту;
- бір тараптан, қатысушы банктің қаржылық ауыртпашылығын азайтуға және екінші тараптан, банкілік жүйе алдында тұрған жаңа елеулі тәуекелдерді есепке алуға бағытталған күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерінің методологиясын жетілдіру;
- «БАТА» АЖ өндірістік пайдалануға қабылдау;
- Қатысушы банктердің автоматтандырылған деректер қорының Қордың талаптарында белгіленген депозиторлар бойынша сәйкестігін белгілеу ережесін бекіту.

2009 ж.

- «Банк банкроттығы кезінде депозиттерге кепілдік беру жүйесінің негізгі жауапкершілігі» тақырыбына халықаралық конференция және Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы шеңберінде Азия аймақтық комитетінің жыл сайынғы жиналысын өткізу;
- «Failed bank's depositors' claims and payouts» тақырыбына IADI Азия аймақтық комитетінің шеңберінде зерттеу жүргізу;
- IADI Қазынашысы лауазымына Қор Төрайымын қайта сайлау;
- Қатысушы банктердің автоматтандырылған деректер қорының Қордың талаптарында белгіленген депозиторлар бойынша сәйкестігін анықтау бойынша жұмыстардың басталуы;
- Сараланған мөлшерлеме жүйесінің одан әрі дамуы – банкті басқару сапасын бағалау бойынша жаңа сапалы көрсеткіштің енгізілуі;
- «БАТА» АЖ дамуының екінші кезеңін іске асыру;
- Мәжбүрлеп таратылатын банк салымшыларының тізілімі жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеудің басталуы.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ АХУАЛЫ ЖӘНЕ 2010-2012 ЖЫЛДАРДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

Қазақстан экономикасына жалпы шолу

Алдыңғы екі жыл қазақстанның қаржылық секторы мен тұтастай экономика үшін ұзаққа созылған дағдарыс кезеңі болып табылды, ол әлемдік экономикадағы белсенділіктің баяулауы қаржылық және тауар нарықтарының тұрақсыздығымен, экономикалық өсу мен республикадағы ішкі сұраныстың азаюымен, негізгі экспорт тауарларына, сондай-ақ, жылжымайтын мүлік нарығындағы бағаның құлдырауымен сипатталды.

Шикізат тауарларына әлемдік бағаның елеулі ауытқуы өтімділік тапшылығы жағдайын шиеленістіре түсті. Мысалы, 2008 жылғы шілдеде Brent маркалы мұнай баррелінің бағасы шамамен 147 долларды құраса, ал 2008 жылдың аяғында мұнай бағасы 3,7 есе төмендеп, баррелдің бағасы бар болғаны шамамен 40 долларды құрады.

2009-2010 жылдар республиканың негізгі экспорт тауарларына бағаның біртіндеп қалпына келуімен ерекшеленеді. Мемлекеттердің көпшілігі дағдарыстың салдарларымен күрес үшін қабылдаған қазыналық және монетарлық сипаттағы шаралары олардың экономикаларының 2009 жылдың екінші жартысында біршама жандануына алып келді. Көптеген дамушы елдердің өсуін қалпына келтіруде тауар нарықтарындағы бағаның, әсіресе энергия ресурстарына бағаның өсуі негізгі мәнге ие. Мысалы, 2010 жылдың сәуірінде мұнай баррелінің бағасы 85 доллардан асты және болжауларға сәйкес, шикізат тауарларына баға орта мерзімді келешекте сақталатын болады, бұл жақын келешекте Қазақстанның экспорттық түсімінің көбеюіне болжам жасауға мүмкіндік береді.

Шикізат тауарларына әлемдік бағаның өсуі, сонымен қатар Ұлттық банк 2009 жылдың басында жүргізген бір сәттік девальвация экономиканың экспорттық-бағытталған салаларын қолдады, яғни өткен жылдың 2-жартысынан бастап өндірістің қалпына келу динамикасын және қаржылық көрсеткіштердің жақсартылғанын көрсетеді.

Тұтастай, 2009 жылы ЖІӨ 1,2%-ды құрады. Экономиканың өсуін сақтауға мемлекеттік қолдаудың маңызды көлемі, сондай-ақ өткен жылдың екінші жартысынан бастап әлемдік тауар нарықтарындағы баға конъюктурасының жақсаруы ықпал етті.

Мемлекеттік дағдарысқа қарсы бағдарлама және оның нәтижелері

Ағымдағы әлемдік дағдарыс Қазақстанның экономикасына бірнеше себептер бойынша елеулі әсер етті, олардың арасынан мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- банк секторының қорландырудың сыртқы көзіне жоғары тәуелділігі. Нарық әлемдік экономикаға жоғары енуімен ерекшеленді, ал шетелдік несиелер бойынша төмен пайыздық мөлшерлемелер отандық банктерді қорландырудың сыртқы көздеріне тәуелділігінің артуына алып келді. Банктердің сыртқы қарыз алуының жоғары деңгейі елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығы үшін қауіп тудырды;
- банк сегментінің экономиканың құрылыс секторына тартылуының жоғары деңгейі. АҚШ-та басталған ипотекалық дағдарыстың және қазақстан банктері үшін шетелдерден жаңа заемдарды тарту мүмкіндіктерінің төмендеуі нәтижесінде, сол сәтте елеулі бөлігі құрылыс секторы мен халықтың ипотекалық заемдары алып отырған несиелеудің көлемін қысқарту қажеттілігі туындады;
- ел экспортының жалпы көлеміндегі шикізат құрайтындардың басым келуі, осыған байланысты негізгі шикізат өнімдеріне бағаның күрт ауытқуынан құндық мәнде экспорт көлемінің елеулі құлау тәуекелі өте жоғары болып қалады.

Банктердің несие беру белсенділіктерінің төмендеуін, ең алдымен құрылыс саласы сезінді, ал кейіннен экономика секторларының арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесі арқылы «домино» әсері байқала бастады.

Экономикадағы оқиғаның мұндай кері дамуы мемлекеттен қаржылық тұрақтылықты қолдау мақсатында ауқымды қаржылық және реттеушітік араласуды талап етті.

Дағдарыстың экономиканың ең маңызды және сонымен қатар осал сегменттеріне теріс әсерін төмендету үшін, ҚР Үкіметі негізінен банк арқылы жүзеге асырылатын неғұрлым проблемалы сегменттерге ақшалай қаражат құюды жүзеге асырды.

2008 жылғы 25 қарашада қабылданған Үкіметтің, Ұлттық банктің және Қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру

жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары 1,2 трлн. теңге бөлуді қарастырды. Осы сомадан 480 млрд. теңге қаржы секторын тұрақтандыруға, 360 млн. теңге – тұрғын үй секторын дамытуға, 120 млрд. теңгеден шағын және орта бизнесті қолдауға, АӨК, инфрақұрылымдық және серпінді жобаларды іске асыруға жіберілді.

Дағдарысқа қарсы бағдарламада елдің қаржы секторын қолдауға бағытталған шаралар негізгі орынды алды, өйткені сыртқы қарыз алудың күрт төмендеуі мен ішкі нарық өтімділігінің шектеулі деңгейі, сондай-ақ, банктердің сыртқы міндеттемелерін өтеу бойынша мерзімдерінің басталуы елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығы үшін қауіп туғызды. Қабылданған шаралардың ішінен мыналарды атап өту қажет:

- жай және артықшылықты акцияларды сатып алу арқылы төрт жүйе түзеуші банктерді қосымша капиталдандырылып, сондай-ақ оларға реттелген заемдарды беру;

- жеке тұлғалардың салымдары бойынша кепілдік сомасын 5 млн. теңгеге дейін арттыру.

Дағдарыс кезеңінде екі жүйе түзуші банктердің «Альянс Банк» АҚ және «БТА Банк» АҚ проблемалары шиеленісе түсті. 2009 жыл барысында мемлекет БТА Банк акцияларының бақылау пакетін, сондай-ақ Альянс банкі акцияларының толық пакетін сатып алуға мәжбүр болды. Екі банк те қазіргі уақытта сыртқы қарызын қайта құрылымдау процесін аяқтап келеді.

Дағдарысқа қарсы бағдарламаны жүргізу аясында мемлекет қосымша эмиссия акцияларын сатып ала отырып, жүйе түзуші тағы да екі банктің: «Қазақстанның Халық банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ капиталына енді.

Дағдарыс кезеңінде қазақстандық банк жүйесінде бірде-бір банкроттық орын алған жоқ, банктердің өздері біртіндеп өз кредит белсенділіктерін қалпына келтіріп келеді. Осылайша, қазақстандық банк жүйесі дағдарыстан барынша жетістікпен шығып отыр.

Тұтастай алғанда, Үкіметтің, Ұлттық банктің және Агенттіктің 2009-2010 жылдарға арналған экономикалық және қаржылық секторларды тұрақтандыру жөніндегі дағдарысқа қарсы шұғыл шараларды іске асыруы банк жүйесіндегі тұрақтылықты және 2009 жылы кредиттік қоржынның 4,3% (4,2% - 2008ж.) деңгейінде қалыпты өсуін қамтамасыз етті.

Банк секторы, оның негізгі тәуекелдері

Жекелеген ірі банктердің проблемалары тұтастай банк жүйесінің проблемасына айналған жоқ, ал проблемалы банктер қазіргі уақытта қайта құрылымдау процестерін барынша жетістікпен аяқтап келеді. Тұтастай мемлекет іске асырған дағдарысқа қарсы бағдарлама бірқатар дағдарыстық қауіптерге тойтарыс беруге мүмкіндік берді. Атап айтқанда, ол экономиканың біршама маңызды салалары бойынша несиелеу тапшылығын жеңіп шығуға және қаржыландырудың жеткіліксіздігі салдарынан олардың тоқырауының алдын алуға мүмкіндік ашты.

Кредиттік тәуекелдің жоғары деңгейі мен банк активтерінің, әсіресе олардың кредиттік қоржындарының төмендетілген сапасы Қазақстандық банк жүйесінің әлсіз жақтары болып қалуда.


Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық активтері 01.01.2010 жылы шамамен 11,5 трлн. теңгені құрады, ол 01.01.2009ж. көлеммен салыстырғанда шамамен 3%-ға азайды. Кредиттік қоржын банк активтерінің негізгі үлесін құрайды. 2009 жылы банктердің нақты секторды несиелеу қарқыны алдыңғы жылмен салыстырғанда бірдей болды.

Нәтижесінде, қадағалау органының деректеріне сәйкес, кредиттік операцияларды қысқартудың және банк активтерінің сапасының төмендеуіне байланысты банк кірістерінің елеулі төмендеуінің беталысы байқалады.

Іс жүзінде банктердің кредиттік қоржындарының сапасы экономиканың барлық секторлары бойынша нашарлады. Банктердің кредиттік қоржындарының сапасының төмендеуі толығымен күткендегідей болды. Елдегі іскерлік белсенділіктің баяулауы мен жүргізілген ұлттық валютаның құнсыздануы аясында банк жүйесіндегі 2009 жылғы жұмыс атқармайтын кредиттердің үлесі 4,5 есеге өсті және 3,5 трлн. теңгеге жетті, бұл банктердің топтастырылған кредиттік қоржындарының 36%-н құрайды. Бұл ретте, заемдар бойынша провизиялар мөлшері 2009 жылдың аяғында 3,6 трлн. теңгені немесе кредиттік қоржынның 37,7%-н құрады. Жұмыс істемейтін кредиттерді қалыптастырылған провизиялардың жабу деңгейі 01.01.2010 мезетінде 1,03 құрайды. Бұл ретте, жұмыс істемейтін кредиттердің басым бөлігі екі банкке – БТА және Альянс банктеріне тиесілі.

Кредиттік тәуекелмен қатар банктерде сыртқы қарыз алудың елеулі үлесінің болуына байланысты өтімділік және қайта қаржыландыру тәуекелдері ерекше қам туғызды.

Банк жүйесінің активтері



дереккөзі: Активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеу және олар бойынша ҚР ЕДБ (ҚҚА) бойынша провизияларды қалыптастыру жөніндегі жиынтық есеп

Кейбір қазақстандық жүйе түзетін банктер мен олардың еншілес құрылымдарының міндеттемелерін қайта құрылымдау қалған банктердің халықаралық капитал нарықтарында қолайлы жағдайларда қарыз алу мүмкіндіктеріне тұтастай теріс әсер етті. Сыртқы қаржы ресурстарының жетіспеуіне байланысты ішкі депозит нарығының маңызы өсті. Алайда қорландырудың ішкі көздері банк бизнесінің бұрынғы өсуін ұласымды сақтау үшін жеткіліксіз, салыстырмалы қысқа мерзімге ие және тұрақсыздығымен ерекшеленеді, сондықтан да қазақстандық банктер, капиталдың халықаралық нарығында жағдай түзелісімен қайтып келуі мүмкін.

Экономиканы және қаржылық секторды тұрақтандыру бойынша мемлекеттің дағдарысқа қарсы бағдарламасының арқасында банктерге қосымша өтімділікті беру мен капиталдың сайма-сай деңгейін қалыптастыру арқылы банк секторының көзделген тұрақтылығы қамтамасыз етілді. 2010 жылы банк секторының мемлекеттік қаржылық қолдауға белгілі дәрежеде тәуелділігі сақталуы мүмкін, ол оларға қорландыру тапшылығын жеңуге мүмкіндік береді. Осы орайда банктердің жаңа, соның ішінде қорландырудың ішкі көздерін іздеуді ынталандыру қажет.

Экономикадағы және банк жүйесіндегі теріс үрдіске қарамастан халықтың банк секторына деген сенімі жоғалған жоқ. Клиенттердің 2009 жылы тартылған салымдары (арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдар салымын есепке алмағанда) 30,8%-ға өсіп, 01.01.2010 есебі бойынша 6 003,8 теңгені құрады, бұл көбінесе жеке тұлғалар салымдарының 29,1%-ға өсуімен және дағдарысқа қарсы бағдарлама аясында банктерде «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ шарттастырылған депозиттерді орналастыруымен қамтамасыз етілді.

Қазақстанның бөлшек депозит нарығы

Сыртқы нарықтан ресурстарды тарту мүмкіндігінің болмауы ресурстық база ретінде ішкі депозиттердің әлеуетті тартымдылығын елеулі арттырды. Алайда, қорландырудың ішкі көздері дәстүрлі түрде барынша шектелген болуына байланысты клиенттердің банк жүйесіне деген сенімін сақтау проблемасы өте көкейкесті болып қалып отыр.

Осы міндеттерді шешу мақсатында мемлекет жеке тұлғалардың депозиттері бойынша кепілдік берілген өтемақы көлемін ұлғайту туралы шешім қабылдады, ол 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін бес миллион теңгені құрады. Кепілдік берілген өтемақы көлемінің көбеюіне байланысты ҚР Ұлттық Банкінің Қорды барабар қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету мақсатында Қордың жарғылық капиталы 110 млрд. теңгеге дейін жеткізілді. Қабылданған дағдарысқа қарсы мемлекеттік бағдарлама шеңберінде Қордың жарғылық капиталы бұдан әрі де жыл сайын 01.01.2012 қарсаңына дейін 10%-ға көбейтілетін болады. Бұл шаралар банктерге қатысты қоғамдағы үрейлі көңіл-күйдің алдын алуға мүмкіндік береді.

Экономикадағы және банк жүйесіндегі жағымсыз үрдіске қарамастан халықтың банк секторына деген сенімі жоғалған жоқ. Өткен жыл ішіндегі халықтың екінші деңгейдегі банктердегі салымының өсуі шамамен 29%-ды құрап, 2010 жылдың басында абсолюттік мәні 1,9 трлн. теңгеге жетті. 01.01.2010 қарсаңында салымдардың жиынтық көлемі 6 621 млрд. теңгені құрады, бұл 01.01.2007 мезетіндегі көрсеткіштен 2,5 есе көп.

1-кесте. ЕДБ салымдарының өсіңкілігі (резидент еместердің шоттарын есепке алмағанда)

	қаңт.07	қаңт.08	қаңт.09	қаңт.10
ЕДБ-дағы салымдар (млрд. теңге), оның ішінде:	2 630	3 384	5 256	6 621
ЕДБ-дағы жеке тұлғалардың салымдары (млрд. теңге)	1 039	1 420	1 481	1 891
кезең ішіндегі %-дық өзгеріс	77.3%	36.7%	4.3%	27.7%
ЕДБ-дағы заңды тұлғалардың салымдары (млрд. теңге)	1 591	1 964	3 775	4 730
кезең ішіндегі %-дық өзгеріс	108.5%	23.4%	92.2%	25.3%

Дереккөзі: Статистикалық бюллетень, Ұлттық банк

Жалпы алғанда, қазақстан банктеріне жеке тұлғалар салған депозиттердің көлемі екі жыл ішінде 1/3 есеге өсті: дәлірек, 2008 жылы – 3% және 2009 ж. – 29% өсу қарқыны орын алды.

Ірі салымдар көлеміндегі өзгерістер 2009 жылы депозиттік негіздің өсуінің анықтаушы факторы болды, осы өсім 15 млн.теңгеден асады – 660 млрд. теңгеден 869 млрд. теңгеге дейін немесе 32%. Мерзімді депозиттердің көлемі 1-ден 5 млн теңгеге дейін – 87 млрд. теңгеге елеулі өсті. Одан басқа, жылдық өсім шамамен 65 млрд. теңгені құраған ағымдағы шоттардағы қалдық ақшалардың өсуі, сонымен қатар, талап еткенге дейін салымдар көлемінің 33 млрд.теңгеге өсуі маңызды роль атқарды. Кепілдік берілген өтемақы сомасы 2008 жылдың IV тоқсанынан бастап 5 млн. теңгеге дейін артқаннан кейін жеке тұлғалардың 5 млн теңгеге дейінгі мерзімді депозиттерінің жиынтық көлемі 489 млрд. теңгеден 580 млрд теңгеге дейін немесе 19%-ға өсті.

5 млн. теңгеге дейінгі сома шоттары барларды қоса алғанда ЕДБ-дағы жеке тұлғалардың шоттарының жалпы саны 99,8%-ды, ал мұндай депозиттердің мөлшері 45%-ды құрады.

Қордың болжамдары бойынша, ЕДБ-дағы жеке тұлғалардың депозиттік базасы шамалы қарқынмен ғана өсетін болады (1-Қосымша).

Қордың арнайы резерві

Мемлекет қабылдаған шаралар республикадағы қаржылық тұрақтылықты сақтауға үміт береді, өйткені ол жүйелі банк дағдарысын еңсеруге бағытталған. Сонымен қатар, жекелеген банктердің активтерінің сапасы, табыстылығы және басқа да іспеттес көрсеткіштері өзгерістерінің теріс динамикасы нақты қауіп туғызады, өйткені олардың бұдан әрі нашарлауы мұндай банктердің дефолтына алып келуі мүмкін.

Осы орайда, Жүйе үшін банктердің мүмкін болатын банкроттығына дайын болуы және соған сәйкес өзінің негізгі қызметін тиісінше орындау үшін – депозиторларға кепілдік берілген өтемақыны төлеу үшін қажетті барлық шараларды қабылдауы қажет.

50% жарғылық капиталдың есепке алғанда, арнайы резервте жинақталған Қордың қаржылық резервтері 2010 жылдың 1 сәуірінде 96,1 млрд. теңгеге жетті, ол депозиттар бойынша өтемақының жиынтық сомасының 10,7%-н құрайды. Заңнамаға сәйкес арнайы резервтің мақсатты көлемі жеке тұлғалардың депозиттерінің сомасынан кемінде 5%-н құрауы тиіс, ағымдағы сәтте аталған деңгей 4,9%-ға тең.

Қордың арнайы резервінің жыл бойы өсуінің көздері: (1) қатысушы банктер тоқсан сайын аударатын күнтізбелік жарналардың жиынтық сомасы, (2) Қордың жарғылық капиталын 10 млрд. теңгеге көбейту, (3) банктердің таратушы комиссияларының өз берешегін өтеу есебінен аударған және 1,3 млрд. теңгені құраған сомасы, (4) сондай-ақ арнайы резервке жатқызылған, 0,9 млрд. теңгеге артқан таза кіріс сомасы есебінен қол жеткізілді.

Қор төлеуі тиіс жеке тұлғалардың депозиттері бойынша жиынтық кепілдік берілген өтемақы ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдайы бойынша 852 млрд. теңгеге жетті (депозиттердің жиынтық сомасының 44%). Жылдық арту 174 млрд. теңгені (немесе 26%) құрады, бұл көп дәрежеде «Е» тобының банктердегі өтемақы сомасының өсуі салдарынан болды. «БАТА» жүйесі аясында ең аз балл алған қатысушы банктер кірген «Е» тобына кепілдік берілген өтемақының жалпы сомасының 1/3 келеді. 2010 жылғы 1 қаңтарда «Е» тобында 9 банкболса, ал 2008 жылы осы топта небары 2 қатысушы банк қана болатын.

ҚОРДЫҢ 2010-2012 ЖЫЛДАРДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Соңғы 2,5 жылда - 2007-2009 жылдар Қазақстан экономикасы мен оның билігі үшін салмақты сынақтар кезеңі болып табылды. Дегенмен, мемлекеттік органдар уақтылы және жеткілікті табысты қадамдар мен іс-шараларды қабылдай алды, және Қазақстан жақсы экономикалық және қаржылық нәтижелермен дағдарыстан шығып келеді. Алайда қазіргі уақытта біздің алдымызда одан күрделірек тапсырма тұр, ол дағдарыс сабақтарын бұдан әрі қолдану болып табылады.

ҚДКБҚ қызметі 2010-2012 жылдары мынадай міндеттерді шешуге бағытталады:

- Қордың негізгі контрагенттерімен тиімді әріптестік іс-қимылдың одан әрі дамуын қоса алғанда тиімді корпоративтік басқару;
- Сақтандыру жағдайларының басталуына (рәсімдердің өзін болуына) дайын болу;
- Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қызметі жөнінде жұртшылықты және өзге де мүдделі тұлғаларды хабардар ету;
- Қор қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру.

Қордың алдына қойылған деңгейді және сапаны анықтау үшін, өткен кезеңде скоринг-талдау жүргізілген болатын. Нәтижелері Қордың 2007-2009 жылдардағы стратегиялық міндеттерін орындау дәрежесінің бағалау кестесінде берілген.

Жүргізілген скоринг-талдау кейбір міндеттердің бұдан әрі дамытуды талап ететіндігін немесе дербес жобалар ретінде дамуға мұқтаж екендігін көрсетті. Бұл ұсыныстар Қордың 2010-2012 жылдардағы стратегиялық міндеттерінің бағалау кестесінде берілген.

ҚОРДЫҢ 2007-2009 ЖЫЛДАРДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ КЕСТЕСІ

Пайдаланылатын белгілер:

А Аяқталғаны	Д Даму процесі	Е Енгізілген және одан әрі дамытуды қажет етеді
Ж Жақсысы	Қ Қанағаттанарлығы	ДҚ Дамытуды қажет етеді

Қор жұмысының объектілері	Қордың бастамалары	Атқару деңгейлері
Тиімді корпоративтік басқару	1. Заңнамалық ортаға сәйкестік мониторингі	
	а Қордың жарғысына өзгерістер енгізу	Е
	ә Қордың Акционері мен Директорлар Кеңесінің өкілеттіктерін бөлу	Е
	б «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының келесі бөліктеріне өзгерістер енгізу:	
	- Депозиттерге міндетті түрде кепілдік беретін ұйымның міндеттері мен функциялары	ДҚ
	- Ислам банктерінің депозиттерге кепілдік беру механизмдерін жасау	ДҚ
	- Өтем төлеудің арнайы резервін қалыптастыру	ДҚ
	2. Корпоративтік басқарудың табысты болуы үшін жағдайлар жасау	
	а Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерінде ішкі бақылау нәтижелерін көрсету	Д
	ә Сапа менеджментін және ISO стандарттарын енгізу	ДҚ
	б Ішкі ережелер мен іс-әрекеттерді әзірлеу	Е
Тиімді әріптестік	1. Қор қарым-қатынас жасайтын ұйымдар:	
	а Қаржы Қадағалау Агенттігі	Ж
	ә Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі	Ж
	б Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы	Ж
	в ДКБЖ қатысушы банктер	Ж
	г Депозиттерге кепілдік беретін шетелдік ұйымдар	Ж
	ғ Халықаралық институттар мен шетелдік ұйымдар	ДҚ
	д Қызмет көрсететіндер	Қ
	2. Негізгі әріптестермен ақпараттық қарым-қатынасты дамыту	
	а Әріптестермен нормативтік докумендерді жасауға қатысу	Е
	3. Халықаралық көлемде танылу	
	а IADI Азиялық аймақтық комитетінің 7-жылдық жиналысын және Халықаралық конференция өткізу	А
	ә Депозиттерді Сақтандыру Жүйесінің тиімді қызметінің негізгі принциптеріне сәйкес Қордың іс-әрекеттерін талдау және дамыту	ДҚ

Қор жұмысының объектілері		Қордың бастамалары	Атқару деңгейлері
Активтерді ұтымды пайдалану		Қордың инвестициялық саясаты мен инвестициялық стратегиясын жасау	Е
Қордың операциялық қызметі	1.	Қордың ішкі бақылау жүйесінің белгіленген талаптарға сәйкес келуі	Д
	2.	Қордың стратегиялық бизнес-процестері:	
	а	Қосылу шартының талаптарын белгілеу	Е
	ә	Мәжбүрлеп таратылған банктердің салымшыларына кепілдік берілген өтем төлеу механизмін дамыту:	Е
	-	Қатысушы банктің салымшыларының автоматтандырылған есебін алу жөніндегі талаптарды белгілеу және салымшылар бойынша деректер базасын жасау арқылы	Е
	-	Қатысушы банктердің салымшылар бойынша деректер беруін стандарттау арқылы	Е
	-	Қатысушы банктердің салымшыларының автоматтандырылған есебін алу жөніндегі деректер базасын тексеріп отыру арқылы	ДҚ
	б	Қордың инвестициялық қоржынын тиімді басқару	Е
	в	Қордың арнайы резерв тапшылығын жою жөнінде баламалы әдістерді зерделеу және ҚР заңнамасына өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Д
	г	Ең аз шығын принципіне негізделген проблемалы банктерді қайта құрылымдаудың тиімді әдістері ретінде ОВА, Bridge bank, P&A институттарын енгізу жөнінде реттеуші органдар үшін ұсыныстар әзірлеу, оның ішінде	Д
	-	Проблемалы банктің мүлкін бағалау	Д
	ғ	Қордың арнайы резервін қалпына келтіру жөніндегі қызметін іске асыру:	
	-	Қатысушы банктің жұмысын тоқтатқан кезде және/немесе қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізуге берілетін лицензиядан айырған кезде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына кіру арқылы	Е
	-	Мәжбүрлеп таратылған қатысушы банкті тарату комиссиясының құрамына кіру арқылы	Е
	-	Мәжбүрлеп таратылған қатысушы банк кредиторлар комитетінің құрамына кіру арқылы	Е
	д	Қор тәуекелдерінің негізгі аймақтарын анықтау және тәуекелдерді басқару	Е
	е	ДКБЖ қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерін есептеу методологиясын дамыту	
	-	Сараланған мөлшерлемелер жүйесін жетілдіру	Е
	-	“БАТА” ақпараттық жүйесін дамыту	Е
	ж	Депозиттерге кепілдік беру мәселелері бойынша халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысы	Е
Адам ресурстарын басқару	1.	Қор қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесін дамыту	
	а	Реттеуші органдар ұйымдастыратын семинарларға қатысу	Е
	2	Жобаларды дамыту үшін кеңесшілер тарту	
	а	Сараланған мөлшерлемелер жүйесін жетілдіру жөнінде кеңесшілер тарту	ДҚ
	ә	ISO сапа және стандарттар менеджментін енгізу жөнінде кеңесшілер тарту	ДҚ

1. ТИІМДІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӘРІПТЕСТІК

1.1. Қордың корпоративтік басқару мен әріптестіктің тиімділігін арттыру мақсатында 2007-2009 жылдары бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды. Мысалы, Қордың қызметін заңнама талаптарына сәйкес келтіру үшін, Қордың және Акционердің, Директорлар кеңесінің және Қордың атқарушы органының қызмет ету қағидаттарын анықтайтын Корпоративтік басқару кодексі әзірленді және қабылданды. Қордың Директорлар кеңесінің құрамына тағы бір тәуелсіз директор енгізілді. Қазіргі уақытта Қордың Директорлар кеңесінің құрамына екі тәуелсіз директор кіреді.

Сондай-ақ, осы кезең ішінде ДКБЖ мүшелеріне қатысты қабылданатын шешімдерінің келісімділігін арттыру, сондай-ақ банк ұсыныстарын тиімді қарау мен есепке алу үшін Қордың Консультациялық кеңесінің өкілеттігі кеңейтілді.

Қорға тәуекел-менеджмент жүйесін енгізу және «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-тың Тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыру ережесін қабылдауы есепті кезеңде өткен маңызды оқиғалардың бірі болып табылады.

Тиімді корпоративтік басқарудың жекелеген мәселелері өзінің бұдан әрі дамуын талап етеді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, ішкі нормативтік актілерді қабылдау, Қордың бизнес-жоспары мен бюджетін бекіту оларды келісудің күрделі процедурасына байланысты ұзақ уақыт алатындығын көрсетеді. Қор қызметінің негізгі процедураларын жақсы өңделуіне және тиісті нормативтік-құқықтық актілердің өз көріністерін табуына, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесінің құрамы кеңейтілуіне байланысты Акционер мен Қордың ДК-ның өкілеттіктерін бөлуді қайта қарау және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес келтіру үшін алғышарттар пайда болды. Осыған байланысты Қор Жарғысына бірқатар тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыруда депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның қызметтері мен тапсырмаларын, құқықтары мен міндеттерін нақтылауға қатысты депозиттерге кепілдік беру жүйесінің заңнамалық базасын қайта қарау қосымша қадам болып табылады. Мәселен, арнайы резерв тапшылығы жағдайында балама көздерді қолдануда, P&A («Purchase&Assumption»), Bridge-bank (тұрақтандыру банкі) тәрізді таратушылық өндірісті ынталандыратын операциялардың орындауы сияқты шаралар.

1.2. Қордың серіктестері: Қаржылық қадағалау агенттігі, Ұлттық банк, Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, ДКБЖ қатысушы банктер, депозиттерді кепілдендіретін шетелдік ұйымдар, халықаралық қаржылық институттар, тауарларды (тауарларды, қызметтерді) жеткізушілер болып табылады. Кейбір серіктестермен өзара қарым-қатынас деңгейін жақсарту талап етіледі.

1.1. Акционермен, уәкілетті органмен және қатысушы банктермен өзара қарым-қатынас

Өзінің негізгі қызметін жүзеге асыруда Қордың серіктестері: Қаржылық қадағалау агенттігі, Ұлттық банк және қатысушы банктер болып табылады. Қордың Қаржылық қадағалау агенттігі мен Ұлттық банкімен өзара қарым-қатынасы Өзара ынтымақтастық туралы келісіммен реттелген. Банктің депозиттерді кепілдендіру жүйесіне қатысу талабы Қосылу шартында белгіленген.

Қордың ҚҚА-мен және Акционермен өзара қарым-қатынасын жақсы деп сипаттауға болады, соған қарамастан олар бұдан әрі тереңдету мен дамыту әлеуетінен тұрады.

ҚҚА-мен өзара қарым-қатынас талдауы 2007-2009 жылдары келесі мәселелерді шешу қажеттілігін көрсетті:

- қатысушы банктердің саралау есеп-айырысуларын жүзеге асыру үшін мәліметтер беру мерзімдерін сақтау;
- «БАТА» жүйесін бұдан әрі жетілдіру үшін банктердің жаңа есептілік үлгісін ұсыну;
- оларға бұдан әрі өзгеріс пен толықтырулар енгізу үшін бірлескен талқылаулар және келісулерді талап ететін депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі мен Қор мүдделерін реттеуге қатысты нормативтік-құқықтық актілердің тізбесін өңдеу.

Қордың, Ұлттық Банкінің және Қаржы қадағалау агенттігінің арасындағы Ақпарат алмасу туралы

келісімге ақпаратты берудің тізбесі мен рәсімдерін нақтылауға қатысты өзгерістер және толықтырулар енгізуге бастамашы болды. Осыған байланысты алдағы кезең Қордың қаржылық секторын реттейтін уәкілетті органдармен өзара қарым-қатынасын жақсартуға және реттеуші органдардың ақпараттық деректер қорына «Статистика» ААБ арқылы Қордың қол жеткізуін қоса алғанда, ақпаратпен алмасу деңгейін арттыруға бағытталатын болады.

Қордың қатысушы банктердің депозит салушылары бойынша деректер қорын түзу жүргізуге қатысты өкілеттігін кеңейту Қордың өзінің негізгі қызметін – мәжбүрлеп-таратылатын банк салымшыларына кепілдік берілген өтемақыны төлеуді тиімді орындауға бағытталған. Аталған сала сондай-ақ ҚҚА инспекторлық тексерістері мүдделерінің аумағы болып табылады және Қордың қаржы нарығын реттеушілермен ынтымақтастығын талап етеді.

1.2. Шетелдік халықаралық институттармен өзара қарым-қатынас

Қордың халықаралық қызметі бойынша негізгі серіктесі Депозиттерді сақтандыру жүйесінің халықаралық қауымдастығы болып табылады. 2002 жылдан бастап Қор оның мүшесі болып табылады. Қор осы беделді ұйымның қызметіне белсенді қатысады. IADI-ға мүше болу Қорға қаржылық тұрақтылық жүйесі, проблемалы қаржылық институттардың қызметіне ерте әсер ету мен реттеу жүйелерінің бір құрамдас бөліктері ретінде депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйесін құру саласында неғұрлым жетекші мемлекеттердің тәжірибесіне қол жеткізуді ұсынады.

Қордың өкілі IADI қазынашысы және біруақтылы Аудиторлық, Қаржылық және Жоспарлық комитеттердің бақылаушысы болып табылады. Қор Азия аймақтық комитеттің өкілі мен Еуразиялық аймақтық комитет төрағасының орынбасары болып табылады. Одан басқа, Қор Зерттеулер жөніндегі комитеттің мүшесі бола тұрып, IADI жүргізетін зерттеу жұмыстарына белсенді қатысады.

Есептілік кезең ішінде Қор Қаржылық және Жоспарлық комитет туралы ережені, IADI бюджеттік саясатын әзірлеуге белсенді қатысып, Қаржылық және Жоспарлық комитеттің Қазынашысы және Төрағасының уәкілеттіктерін бөлуге бастамашы болды.

IADI мүшесі ретінде ДКБЖ IADI жылдық жиналыстарына, сонымен қатар IADI және/немесе оның өкілдері жүргізетін конференцияларға және «дөңгелек үстелдерге» қатысты.

Қордың IADI ынтымақтастық деңгейін арттыру, сонымен қатар Қор қызметкерлерінің біліктіліктері деңгейлерін арттыру мақсатында 2009 жылы IADI Азия аймақтық комитетінің «Payouts and Claims» тақырыбы бойынша 7-жылдық жиналысы мен конференциясы табысты өткізілді. Аталған конференцияға ҚҚА мен Ұлттық Банктің жетекші қызметкерлері шақырылған болатын.

IADI Азия аймақтық комитеті қабылданған бизнес-процедураларға сәйкес, Комитеттің жыл сайынғы конференцияларын жүргізу, соның аясында зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру жоспарланған белгілі тақырыпқа арналуы тиіс болатын. Конференцияның аясында Қор Қазақстан үшін көкейкесті болып келетін «Failed bank's depositors' claims and payouts» тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүргізуді бастады. Зерттелетін тақырып аясында халықаралық тәжірибе бойынша түбегейлі ақпарат алу және салыстырмалы талдау жүргізу мақсатында Қор IADI мүшелеріне тиісті мәселелер жинағын дайындап жолдады. 2008 жылғы желтоқсанда алынған ақпараттың негізінде Қор IADI Азия аймақтық комитеті жылдық жиналысы мен конференциясында тұсаукесері өткен зерттеуді дайындады.

Шетелдік қатысушылар саны шамамен 80 адам, олардың арасында Жапония, Оңтүстік Корея, Тайвань, Малайзия, Индия, Индонезия, Гонконг, Филиппин, Сингапур, Бангладеш, Вьетнам, Ресей, Қытай, Монғолия, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Әзірбайжан, Болгария және Танзанияның мүшелері бар.

Қордың халықаралық ынтымақтастық тапсырмаларын іске асыру жөніндегі маңызды қадамдарының бірі ДКБЖ тиімді қызметінің негізгі қағидатына сәйкес Қор рәсімдерін дамыту болып табылады. Депозиттерді кепілдендіру жүйесінің тиімді қызметінің негізгі қағидаттарын IADI 2008 жылы Банкілік қадағалау жөніндегі Базель комитетімен бірлесе әзірлеп қабылданған болатын. Қордың Директорлар Кеңесі мүшелерін осы принциптермен таныстыру Қордың басым тапсырмаларының бірі болып табылады.

Депозиттерді кепілдендіру IADI басқа, өзге де ХҚҚ, Халықаралық Банк, ЕҚДБ, АДБ халықаралық қаржылық институттармен өзара қарым-қатынасы, Қазақстанда да өз дамуын табуы тиіс. Аталған ұйымдар IADI стратегиялық серіктестері болып табылады.

2. ҚОР АКТИВТЕРІН ОҢТАЙЛЫ ҚОЛДАНУ

Қордың операциялық және инвестициялық қызметі Қор акционерімен бекітілген ішкі нормативтік-құқықтық актілермен регламенттелген.

Қор әр жыл сайын алдағы жылға Бизнес-жоспарды құрып, ол Қордың Директорлар кеңесімен бекітіледі. Ең үздік халықаралық тәжірибеге негіздей отырып, Қор тиісті қорды талап ететін, Қордың алдағы кезеңінің стратегиялық мақсаттары, даму тапсырмалары және негізгі жобалары анықталатын дамудың нақты стратегиялық жоспары негізінде бизнес-жоспар мен бюджетті қалыптастыруды өзірлеуді жүзеге асырады.

Қордың инвестициялық қызметі оның активтерін сақтауға және жоспарланған инвестициялық кіріс деңгейін қамтамасыз ету арқылы өсуіне бағытталады. 2005 жылға дейін Қордың инвестициялық саясаты керітартпа сипатта болды және Қор активтері ұлттық валютада ғана ҚР Ұлттық банкінің, ҚР ҚМ ҰБҚ депозиттері мен ноталарында инвестицияланды. 2005 жылы Қордың қаржылық тізбесінің құралдары кеңейтілді. Қордың активтерін инвестициялау оның Инвестициялық Стратегиясымен бекітілген қаржылық құралдары тізбесі шегінде ішкі және сыртқы нарықтарда жүзеге асырыла бастады. Қордың соңғы төрт жылдағы инвестициялық қоржынының құрылымы № 6 Қосымшада берілген.

Қор бұдан әрі өзінің активтеріне сенім білдірген басқарушы – Ұлттық банктің монетарлы операциялары департаментімен тығыз ынтымақтастық пен тұрақты кеңестеріне негізделе отырып, өзінің инвестициялық қызметінің тиімділігін арттыру және активтерінің сапасын сақтау бойынша жұмыстарды жалғастыруға ниеті бар.

Қордың 2010-2012 жылдардағы кезеңге арналған қаржылық көрсеткіштерінің болжамы №№ 2-5 Қосымшада берілген.

3. ҚОРДЫҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Қордың операциялық қызметі оның сақтандыру жағдайының басталуына дайындықты қамтамасыз ету, сондай-ақ Қордың тәуекелдері мен әлеуетті шығындарын азайтуға бағытталған жобаларын дамыту жөніндегі стратегиялық тапсырмаларды шешуге бағытталған.

3.1. Мәжбүрлеп-таратылатын банктің депозиторларына кепілдік берілген өтемақыны төлеу механизмдерін жетілдіру

Заңға сәйкес, Қордың негізгі қызметтерінің бірі кепілдік берілген өтемақыны төлеу болып табылады. Кепілдік берілген өтемақыны төлеудің уақтылығы мен тиімділігі, тәжірибе көрсеткендей, бірінші кезекте ДКБЖ қатысушы банктерінің депозит салымшылары-жеке тұлғалары бойынша деректер қорының болуы мен дұрыс болуына байланысты тәуелді болып келеді.

Осыған байланысты, Қор депозит салымшыларының автоматтандырылған есепке алу мен депозит салымшылары бойынша деректер қорын құру, қатысушы банктердің депозит салымшылары жөніндегі мәліметтерді беру стандарттары бойынша қолданыстағы банктер үшін талаптарды орнатудан тұратын, мәжбүрлеп таратылатын банк депозит салымшыларының кепілдік берілген өтемақы төлеу механизмдерін жетілдіру бойынша күш жұмсап келеді.

Қордың жоспарланатын кезеңдегі басымдықты міндеті банктерді олардың депозит салымшылары бойынша әзірлеген деректер қорының Қор белгілеген талаптарға сәйкестігін тексеру болып табылады. Сондай-ақ ДКБЖ мәселелеріне қатысты, олардың жүзеге асыратын рәсімдеріне сәйкестігіне Қордың қатысушы банктерге тексеру жүргізу уәкілетін толық көлемде заңнамалық бекіту бойынша шаралар қабылданатын болады.

3.2. Қордың арнайы резервінің қалыптасу рәсімін дамыту

Қор өз депозит салымшылары алдындағы міндеттемелдерін уақытында орындау үшін арнайы резервтің жеткілікті деңгейіне ие болуы қажет. Заңға сәйкес, арнайы резервті қалыптастырудың негізгі көздері:

- қатысушы банктердің жарналары;
- қатысушы банктердің қосылу шарты бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін айып салу;
- төленген кепілдік берілген өтемақы сомалары бойынша, мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банкпен Қор талаптарын қанағаттандыру тәртібінде алынған ақша;
- Қор активтерін орналастырудан алынған инвестициялық табыс;
- Акционердің шешімі бойынша Қордың жарғылық капиталының 50% болып табылады.

2008 жылғы наурызда қаржылық дағдарыс кезінде банк жүйесінің өтімділігін қолдау үшін Қор барлық жіктелген топтар бойынша күнтізбелік жарналар мөлшерлемесін 25%-ға төмендету туралы шешім қабылданған болатын. Қазақстанның дағдарыстан шығуына және банктердің қаржылық ұстанымдарын бекітуіне қарай Қор күнтізбелі жарналар мөлшерлемесін дағдарысқа дейінгі деңгейге жеткізуді жоспарлайды. Мемлекеттік дағдарысқа қарсы бағдарламаға сәйкес, жоспарланған кезеңде, нақтырақ айтқанда 2010-11 жылдары Қордың жарғылық капиталын жыл сайын 10% арттыру жоспарланды.

Мұндай қатысушы банктерге қатысты қосылу шарты бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін айыппұл және Қордың кепілдік берілген өтемақысын төлеу бойынша талаптарында мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктерді қанағаттандыру тәртібінде алынған ақша сияқты арнайы өтемақы резервін толтыру көздері, тұрақты емес және сомасы бойынша аз ғана болып табылады.

3.2.1. Арнайы резервтің тапшылығын қаржыландырудың балама көздері

Қордың арнайы резервінің тапшылығы кезінде Заңмен қатысушы банктердің қосымша жарналары, сондай-ақ олардың жеткіліксіз болуы жағдайында, Қор жетіспеген соманы Ұлттық Банктен қарыз түрінде алу құқығы қарастырылған.

Қор 2006 жылы арнайы резерв тапшылығын зерттеу және оларды қазақстандық тәжірибеде қолдануға қажетті талаптар мен шараларды әзірлеу жөніндегі жұмысты бастады. Қорда кредиттік деривативтер Credit Default Swap (CDS), Қордың шетелдік сақтандыру компанияларындағы кепілдік берілген өтемақыны төлеу бойынша тәуекелдерін қайта сақтандыру, Қордың облигацияларын шығару сияқты құралдары неғұрлым терең оқылды.

Алдын ала талдау нәтижесі бойынша, кредиттік деривативтер және Қордың тәуекелдерін қайта сақтандыру сияқты құралдарын қолдану бір қатар объективті себептермен шектелгендігі анықталды. Оларды жою үшін банк жүйесіне қатысушылар тарапынан тиісті әрекеттерді жүзеге асыру талап етіледі. Мысалы, банктер тарапынан кейбір банктер кредиттік рейтингтер алып, ал Қор тарапынан – тиісті келісім әрекетінің мерзімін анықтау үшін банк дефолтын неғұрлым дәлірек болжау қажет. Сонымен қатар, Қордың сақтандыру оқиғасы басталған кезде контрагентпен төленген сома бойынша табыс салығын төлеуден босату талап етіледі. Аталған құралдар ағымдағы кезеңде неғұрлым пайдалы және жоғары тәуекелді болып келеді.

Қордың облигация шығаруы неғұрлым тиімді құрал болып табылады, алайда оны іске асыру республиканың заңнамалық актілеріне бірқатар өзгерістер енгізуді талап етеді.

Жоспарланатын кезеңде Үкіметтің Қор қызметін қаржыландыруға қатысу мәселесінің мақсатқа сәйкес келуі мен қажеттілігі, сондай-ақ оларды іске асырудың мүмкін болатын механизмдері қаралатын болады.

3.3. ДКБЖ-ге қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік салымдарының сараланған мөлшерлемелерінің методологиясын дамыту

2004 жылдан 2007 жылға дейінгі төрт жыл ішінде Қор депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктерінің қаржылық тұрақтылық дәрежесі мен тәуекелдер бейініне қарай міндетті күнтізбелік жарналарды енгізу бойынша жобаны әзірлеуді жүзеге асырды.

2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап «БАТА» сараланған мөлшерлемелер жүйесі өз әрекетін бастады. Аталған жүйе сандық және сапалық индикаторлар негізінде қатысушы банктердің қаржылық жағдайы мен тәуекелдерінің дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Осы көрсеткіштердің мағыналарын есептеу нәтижелері бойынша қатысушы банктердің жіктелген топтары белгіленеді. «БАТА» жүйесінде бес жіктелген топ бар, оның ішінде ең жақсысы – А тобы, ең нашары – Е тобы. Әр жіктелген топқа өзінің күнтізбелік жарнасының мөлшерлемесі сәйкес келеді. Қатысушы банктердің қаржылық тұрақсыздық мен тәуекелдер дәрежесі жоғарылаған сайын, оның күнтізбелік жарна мөлшерлемесі жоғары болады.

Сараланған мөлшерлемелер жүйесі қаржылық нарықта қалыптасатын жағдайға тұрақты түрлендіру мен бейімделуді талап етеді. Аталған өзгерістер нарықта жаңа қаржылық өнімдердің, пруденциалды нормативтер мен қаржы нарығын реттеушілер талаптарындағы өзгерістердің пайда болуы және т.б. тәрізді факторларды ескергені дұрыс.

Сараланған мөлшерлемелерді есептеу методологиясын жетілдіру банктер қызметін түбегейлі талдауды, қолда бар ақпаратты жаңа және түрлендірілген коэффициенттерді, олардың статистикалық және басқа да тестілеулерін қалыптастыру жеткіліктігіне зерттеуді талап ететін жеткілікті ұзақ және жұмысты көп қажет ететін процедура болып табылады. Сараланған мөлшерлемелер жүйесін түрлендіру жөніндегі жұмыстар 2009 жылы жаңа сапалы көрсеткіштер енгізілген соң басталды. Ағымдағы жылы сандық коэффициенттер тобына мәнді өзгерістер енгізу жоспарланып отыр.

3.4. Арнайы резервті қалпына келтіру бойынша Қор қызметтерін іске асыру

Тарату комиссиясы Қордың алдында оған төленген (төленетін) кепілдік берілген өтемақы сомасы бойынша берешегін өтеу сәтіне дейін тарату комиссиясының құрамына және кредиторлар комитетінің жұмысына қатысу арқылы, Қор мәжбүрлеп таратылатын банк салымшыларына кепілдік берілген өтемақы төлеуіне бағытталған, өзінің арнайы резервтерді қалпына келтіру жөніндегі қызметін іске асырады.

2008 жылдан бастап «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ тарату ісі жүзеге асырылуда және Қор оның кредиторлары комитетінің мүшесі болып табылады. Бүгінгі күні Қордың талаптарын тарату комиссиясы 88% қанағаттандырды.

2007 жылғы 1 наурыздан бастап «Валют-Транзит Банк» АҚ мәжбүрлеп тарату туралы шешім заңды күшіне енді. Қор «Валют-Транзит Банк» АҚ кредиторлары комитетінің мүшесі болып табылады, сондай-ақ Қор қызметкері де банктің тарату комиссиясының құрамына кіреді. Бүгінгі күні «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссиясы Қор талаптарының 25% қанағаттандырды.

Өзара ынтымақтастық туралы келісімнің негізінде Агенттік Қорды екінші деңгейдегі банктердің тарату ісіне, не проблемалы банктерді тиімді қайта құрылымдауға қатысты ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер жобаларын қарау мен талқылауға тартады. Қор өз тарапынан өңдеу шаралары бойынша Агенттікке уақытша әкімшілік және тарату комиссиясының әртүрлі аспектілері жөніндегі өзінің ұсыныстарын қарауға жібереді.

Қор жоспарланатын кезеңде өзінің күшін халықаралық тәжірибе негізінде, проблемалы банктерді тиімді қайта құрылымдау бойынша озық рәсімдерді енгізу жөніндегі ұсыныстарын енгізуге жұмылдырғысы келеді.

3.4.1 Неғұрлым аз шығын қағидатына негізделген проблемалы банктерді қайта құрылымдаудың тиімді әдістерін енгізу жөніндегі ұсыныстарды өндіру

Қор мәжбүрлеп таратудың проблемалы банктермен жағдайды шешудің соңғы шарасы екенін түсінеді. Халықаралық тәжірибеде проблемалы банктерді қайта құрылымдау бойынша әртүрлі балама әдістері бар. Осыған байланысты Қор «Bridge Bank», «Purchase & Assumption», «Open Bank Assistance» тәрізді проблемалы банктерді қайта құрылымдауға қатысты халықаралық тәжірибелерді зерттеді. Халықаралық тәжірибені және «Валют-Транзит Банк» АҚ мен «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ тарату проблемаларын жинақтау негізінде, ҚҚА және Ұлттық Банкінің атына заңнамаға қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы ұсыныстар әзірленді.

Аталған әдістерді енгізу бойынша негізгі проблема банктердің кейбір активтерін, көбінесе материалдық емес активтерді, банктің несиелік қоржынының бағаланбауы болып табылады. Қазақстанда мұндай активтерді бағалау әдістемесінің болмауына қарай, Қор бағалау саласындағы қолданыстағы ҚР заңнамасын және стандарттарын, сонымен қатар аталған мәселе бойынша халықаралық тәжірибені зерттеуді, Агенттік пен Ұлттық банкінің қарауы үшін ұсыныстар өндіруді жоспарлауда. Аталған жұмыстың мақсаты проблемалық банктердің активтерін бағалау бойынша көзқарастарды стандарттау болып табылады.

3.5. Қор қызметінің ішкі процедураларын құқықтық қамтамасыз ету және Қордың методологиялық жұмысы

Қордың ішкі нормативтік актілері Қорға қолданылатын санкцияларды, айыппұлдарды, наразылықтар мен талаптарды, шығындар мен басқа жағымсыз салдарлардың туындауының алдын алу мақсатында, ҚР заңнамасындағы өзгерістер мен Қордың алдында тұрған тәжірибелік тапсырмаларды есепке ала отырып, тұрақты қайта қарау мен жетілдіруге жатады.

2007-2009 жылдар кезеңінде Қор депозиттерді міндетті кепілдік беру жүйесінің қызмет етуін реттейтін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруге тікелей қатысты.

Алдағы кезеңде методологиялық жұмыс, ең алдымен, Қордың басым жобаларын енгізу бойынша нормативтік-құқықтық базаны өндіруге, сонымен қатар ДҚБЖ мен проблемалы банктердің қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актіні әзірлеуге қатысуға бағытталады.

3.6. Қор қызметін ақпараттық қамтамасыз етуді дамыту

Қордың қызметін ақпараттық қамтамасыз ету Қор жабдығының техникалық жағдайын кезеңді тексеру, Қор доменіне қызмет көрсету, «БАТА» ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – «БАТА» АЖ) және басқа да бағдарламалық өнімдерді әкімшіліктендіру арқылы іске асырылады.

«БАТА» АЖ әзірлеу соңғы екі жыл ішінде Қордың қызметін ақпараттық қамтамасыз етудің негізгі жобасы болып табылды, ол ДҚБЖ қатысушы банктердің сараланған мөлшерлемелерін есептеуді автоматтандыру мақсатында құрылған болатын. 2007 жылы «БАТА» АЖ құру жөніндегі, 2 кезеңге бөлінген жұмыстар басталды. Бірінші кезең «БАТА» АЖ өзін әзірлеуден тұрды, ол:

1) мәліметтері мөлшерлемелерді есептеу кезінде қолданылатын кіріс есептердің деректер қоры;

2) модульдерден:

- кіріс есептерді жүктеуден;
- сандық және сапалық көрсеткіштер есебінен;
- шығыс есептерді қалыптастырудан тұрады.

2008 жылдың басынан бастап «БАТА» АЖ Қордың өндірістік пайдалануына кіреді. 2008 жылдың барысында әзірлеуші-компания оның кепілдік техникалық қолдауын жүзеге асырды және Қор қызметкерлері анықтаған кемшіліктерді жойды.

«Екінші кезеңді іске асыру БАТА» АЖ одан әрі дамуын қарастырды және келесі бағыттарды қамтыды:

- қазіргі уақытта «БАТА» жүйесінің сандық және сапалық индикаторларын есептеу кезінде қолданылмайтын кіріс есептерге арналған деректер қорын әзірлеу, сондай-ақ оның қолданыстағы «БАТА» АЖ деректер қорымен интеграциясы;

- кіріс есептерді жүктеу модулін бейімдеу;

- анықтамалары үлгілері мен кіріс есептердің нысандарын қолдау жөніндегі функционалды, сондай-ақ бухгалтерлік есеп бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді құру.

Қазіргі уақытта «БАТА» сараланған мөлшерлемелері жүйесінің есептері үшін қолданылмайтын есептер, мәліметтер жаңа сандық және сапалық индикаторларды әзірлеу үшін ақпарат көзі ретінде, сонымен қатар мәнді көрсеткіштерді нақтылау үшін қызмет етеді.

«БАТА» АЖ екінші кезеңі 2009 жылы жүзеге асырылды және 2009 жылдың соңында өндірістік пайдалануға енгізілді.

«БАТА» АЖ бұдан әрі дамуы әртүрлі деректердің толық және түбегейлі талдауларын жүргізуге мүмкіндік беретін жүйенің функционалдарын құруға және қатысушы банктердің күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерінің есептеулері методологиясына өзгеріс енгізген жағдайда есепке жаңа коэффициенттерді енгізуге бағытталатын болады.

Қор қызметінің ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы басқа басым жоба қатысушы банктің тізілім бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді құру болып табылады. Аталған өнімнің негізгі қызметтері мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің таратушы комиссиясынан салымшылар жөніндегі түсетін деректердің толықтығы мен дұрыстығын тез талдау мен тексеруге, Қор қызметкерлерін салымшылары жөніндегі деректерді жедел және сапалы тексеру үшін тиісті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етудің, агент-банкпен салымшыларға кепілдік өтеу төлемдерінің, агент-банкпен немесе Қормен және т.б. жүзеге асырылатын төлемдер бойынша деректерді өңдеу мен талдаудың дұрыстығы мен негізділігіне көзделеді. Аталған жоба бойынша жұмыс 2009 жылдың аяғында басталған болатын және оны 2010 жылы аяқтау жоспарланды.

3.7. Депозиттерге кепілдік беру мәселелері бойынша халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары

Қор қызметтерінің басым бағыттарының бірі халықтың банк салымдары мемлекеттік қорғау. Осы тұрғыда Қордың ролі және мұндай қорғауды жүзеге асырудың негізгі механизмдері туралы хабардарлығын арттыру болып табылады. Жұмыстың бұл бағыты өте маңызды болып келеді, өйткені клиенттердің банкке сенімі банк жүйесінің тұрақтылығының негізін қалаушы болып табылады.

Аталған бағыт аясында Қор жүзеге асыратын іс-шаралар ақпараттық-түсіндіру сипатына ие. Олар банк салымшыларына, сол сияқты қатысушы банктердің өзіне бағытталады және «Мемлекеттік сатып алулар туралы» ҚР заңына сәйкес конкурстық негізде жыл сайын таңдалып алынатын Қордың жарнамалық агенті арқылы жүзеге асырылады. Қордың ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының негізгі түрі жалпы ақпарат құралдарының баспа және электронды құралдарында мақалалар мен сұхбатты, радио және теледидардар, аудио- мен бейне роликтерді орналастыру, барлық Қазақстан бойынша тегін шұғыл байланыс порталы арқылы телефон бойынша салушылар сұрақтарына жауап беру, Қордың интернет-сайтында негізгі ақпараттар мен жаңалықтарды жарыққа шығару, буклеттер, пресс-релиздер және салушылар үшін жадынамалар шығару болып табылады.

Қор бұрын жыл сайынғы негізде 2 аптаға созылатын «Шұғыл байланыс» акциясын жүргізді, барлық қоңыраулар белгілі виртуалды нөмірге түсіп, Қор ақысын төледі. 2005 жылы «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ, 2007 жылы «Валют – Транзит Банк» АҚ таратылуына байланысты Қордың негізгі міндеті 2005-2007 жылдардағы кезеңде таратылатын банктердің салушыларын оларға тиесілі кепілдік берілген өтемақыны төлеу мерзімдері мен талаптары туралы құлақтандыру болып табылды. 2008 жылдың қыркүйек айында «шұғыл байланыс» арқылы депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қызметі мәселелері бойынша халыққа кеңес беру тұрақты негізде жүргізіліп отырды.

Түсіндіру жұмыстарының бөлігі сонымен қатар Қордың интернет-сайты (www.kdif.kz) арқылы жүзеге асырылатын болады. 2009 жылы Қордың интернет-сайты жаңартылып, бұдан әрі жетілдірілетін болады.

Одан өзге, 2008-2009 жылдары Қор өкілдері Халықаралық Бизнес Академиясы мен «Алматы қаласы Өңірлік Қаржы Академиясы» АҚ оқытушылары үшін лекциялар жүргізді.

Жоспарланатын кезеңде Қордың АӨҚО-мен ұйымдастырылатын семинарлар жалғасатын болады, сонымен қатар депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қызметтері мен тапсырмаларын түсіндіретін, ЕДБ салымшыларының арасында таратылатын буклеттер мен кітапшалар дайындалатын болады. Қор сонымен қатар халықтың ДКБЖ туралы хабардар болуын арттыру үшін басқа да әдістерді кеңейту мен дамытуды, сонымен қатар ЖОО-ның студенттеріне лекциялар оқуды, Қор басшылығының интернет-конференциясын және т.б. жалғастыруға ниет білдіріп отыр.

4. АДАМ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ

Қордың жұмысына кері әсер ететін ішкі фактор кадрлардың ауысуларының жоғарылығы, ол жұмыстың сабақтастығына кедергі келтіреді және Қор жобаларын жүзеге асыру мерзімдеріне кері әсер етеді. 2007 жылы кадрлардың ауысуы 61,9%, ал 2008ж. – 43,5%, ал 2009 жылы - 47% құрады. Қор кадрлардың ауысуларының бұдан әрі талдау мақсатында жұмыстан босап жатқан қызметкерлер үшін сауалнама әзірледі. Талдау нәтижелері бойынша, қызметкерлердің біліктілігі жалақысы деңгейінің олармен атқарылатын жұмыстың көлемі мен қиындығына сәйкес еместігінің негізгі себеп болғандығы анықталды. Аталған проблеманы шешу мақсатында Қорда «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ қызметкерлерінің сыйақы ережесі әзірленді.

Қорда кадрларды оқыту, қызметкерлердің біліктілігін әртүрлі мемлекет ішінде және шетелдерде өткізілетін семинарларда арттыру жүзеге асырылады. Одан өзге, IADI Қор қызметкерлеріне банктік қызмет пен банктерді қадағалау тәжірибесі мәселелерінің кең ауқымы бойынша қашықтықтан оқыту мүмкіндігі беріледі. Бұл жағдайда, Қор қызметкерлері FSI Connect бойынша оқытылады, ол қадағалау органдарының қызметкерлері үшін Қаржылық тұрақтылық институтында (ҚТИ) әзірленген оқыту мен онлайнды ақпараттық ресурс құралдарынан тұрады. Аталған оқытудың негізгі құрауышы қаржылық секторды, банк секторы мен оны басқарудың шешуші тәуекелдерін, қаржылық құралдарды, сондай-ақ онымен бухгалтерлік есеп, депозиттерді сақтандыру мен төлем жүйесі тәрізді мәселелермен байланысты қадағалау бойынша онлайнды курстардың кешенді жинағы болып табылады.

Қордың жаңа қызметкерлері үшін де таныстыру семинарлары жүргізіледі.

Жоспарланатын кезеңде «мықты кадрлар тобын», яғни Қор жұмысының әр негізгі бағыты бойынша шешуші қызметкерлер қатарын құру мен сақтау саясаты жалғасатын болады. Қызметкерлердің, бірінші кезекте, шешуші қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша жұмыстар жалғасады.

Қор қызметкерлерінің жан-жақты дамуы және олардың қаржылық жүйені толық түсінуі, сонымен қатар Қордың, Ұлттық банкінің және ҚҚА-ның арасындағы тәжірибе алмасу үшін реттеушілер мен Қор ұйымдастыратын бірлескен семинарлар жүргізу қажеттілігі қолданылады.

5. ҚОР ЖОБАЛАРЫН ДАМУҒА ҮШІН КОНСУЛЬТАНТТАР ТARTУ

Жобаларды бұдан әрі дамыту мен іске асыру:

- сараланған мөлшерлемелер жүйесін жетілдіру бойынша;
- банк мүлігін бағалау әдістемесін өндіру бойынша консультанттарды тарту жоспарлануда.

Проблемалы банктердің активтерін бағалау әдістемесін әзірлеу ірі жоба болып табылады. Қазіргі уақытта банктердің кредиттік қоржынын бағалаудың қандай да болмасын ресми қабылданған әдістемесі жоқ. Одан өзге, аталған әдістеме активтердің әртүрлі түрлерін бағалау бойынша тұрғыны бірегейлендіруі және проблемалы банкті қайта құрылымдауға қатысатын барлық ұйымдар үшін бірыңғай болуы тиіс. Алайда Қазақстанның қаржы нарығының дамымауына байланысты, яғни проблемалы банктердің кредиттік қоржыны сияқты мұндай активтерге екінші нарықтардың және материалдық емес активтердің кейбір түрлерінің болмауына байланысты бағалауды жүргізу қиынырақ. Осыған байланысты осы саладағы сарапшыны тарту қажет болып табылады. Қор аталған жобаны 2011 жылы іске асыруды жоспарлауда.

ҚОРДЫҢ 2010-2012 ЖЫЛДАРДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІН БАҒАЛАУ КЕСТЕСІ

Қор іс-қимылдарының объектісі	Қор бастамашылығы	2010	2011	2012
Тіімді және корпоративтік басқару және еріпестік	1 Халықаралық қағидаттарға сәйкестік бағасы			
	а IADI әдістемесі негізінде депозиттерге кепілдік беру жүйесін тиімді бағалау бойынша Қор қызметіне өзін-өзі бағалауды жүргізу (self assessment)	дамыту	дамыту	аяқтау
	б Депозиттерді сақтандыру жүйесінің тиімді қызметінің негізгі қағидаттарына сәйкес Қор процедураларын талдау мен дамыту	дамыту	дамыту	дамыту
	2 Табысты корпоративтік басқару үшін жағдай жасау			
	а Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерінде ішкі нәтижелерді көрсету	дамыту	дамыту	дамыту
	б Жекелеген бизнес үдерістерді жүргізу тәртібі бойынша ішкі рәсімдерді әзірлеу	дамыту және енгізу	дамыту және енгізу	дамыту және енгізу
	3 Заңнамалық ортаға сәйкестік			
	а Қордың басқару органдарын нақтылау жөніндегі Қор Жарғысына өзгеріс енгізу	дамыту	дамыту	дамыту
	б Депозиттерді кепілдендіру жүйесін дағдарыстан кейінгі кезеңде келесі аумақтар бойынша жетілдіру	дамыту	дамыту	дамыту
	- Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымдардың міндеттері мен қызметтері	дамыту	дамыту	дамыту
	- Кепілдік берілген өтемақы сомасын анықтау	дамыту	дамыту	аяқтау
	- Кепілдіктердің заңды тұлғалардың жеке санаттарына таралуы	дамыту	дамыту	аяқтау
	- Қордың арнайы резервінің қалыптасуы	дамыту	дамыту	дамыту
	- Қажет болған жағдайда «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңына өзгеріс енгізу	дамыту	дамыту	аяқтау
	4 Активтерді оңтайлы қолдану			
	- Қордың инвестициялық саясатын және инвестициялық стратегиясын жетілдіру	дамыту және енгізу	дамыту және енгізу	дамыту және енгізу
	5 Қордың өзара қарым-қатынасы:			
	а ҚҚА	жақсы	жақсы	берік
	б ҚР Ұлттық банкі	жақсы	жақсы	берік
	в ҚҚҚ	жақсы	жақсы	берік
	г ДКБЖ қатысушы банктер	жақсы	жақсы	жақсы
	д Депозиттерді кепілдендірудің шетелдік ұйымдары	жақсы	жақсы	берік
	е Халықаралық институттар мен шетелдік ұйымдар	қанағаттанарлық	жақсы	жақсы
	ж Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізушілер	қанағаттанарлық	жақсы	жақсы
	6 Негізгі серіктестермен ақпараттық өзара қарым-қатынасты дамыту			
	а Нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу	дамыту	дамыту	дамыту
	б Ақпараттармен алмасу және тізбесін ұлғайту механизмін жетілдіру	дамыту	дамыту	дамыту
Қордың операциялық қызметі	1. Қордың ішкі бақылау жүйесінің белгіленген талаптарға сәйкестігі	дамыту және енгізу	дамыту және енгізу	дамыту және енгізу
	2. Қордың стратегиялық бизнес-үдерістері:			
	а Қосылу шартының талаптарын анықтау	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы
	б мәжбүрлеп-таратылатын банк депозиторларына кепілдік өтеу төлемі механизмін келесілер арқылы дамыту:	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы
	- қатысушы банк депозиторларының автоматтандырылған есептеу талаптарын орнату және депозиторлар бойынша деректер қорын құру	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы

ҚОРДЫҢ 2010-2012 ЖЫЛДАРДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІН БАҒАЛАУ КЕСТЕСІ

Қор іс-қимылдарының объектісі	Қор бастамашылығы	2010	2011	2012
Қордың операциялық қызметі	- қатысушы банктрмен депозиторлар бойынша деректер беруін стандарттау	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы
	- қатысушы банк депозиторларын автоматтандырылған есептеу бойынша деректер қорын инспекциялау	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы
	в Қордың инвестициялық қоржынын тиімді басқару	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы
	з Қордың арнайы резервінің тапшылығын жабу бойынша балама көзқарастарды зерттеу және ҚР заңнамасына өзгеріс енгізу бойынша ұсыныстарды пысықтау	дамыту	дамыту	енгізу
	д Неғұрлым аз шығын қағидатына негізделген проблемалы банктерді қайта құрылымдаудың тиімді әдістері ретінде ОВА, Bridge bank, P&A институттарын қолдану жөніндегі рәсімдерді құру, оның ішінде:			
	- проблемалы банктің мүлкін бағалау	дамыту	дамыту	енгізу
	- қатысушы банкті, сонымен қатар оның депозиторларын мәжбүрлеп қайта құрылымдау немесе тарату бойынша Қордың жүргізетін қаржылық қолдау шараларын іске асырудың әдістері	дамыту	дамыту	енгізу
	- ОВА, Bridge bank, P&A құралдарын іске асыру үшін нормативтік-құқықтық базаны дамыту	дамыту	дамыту	енгізу
	е Қордың арнайы резервті қалпына келтіру бойынша қызметін келесілер арқылы іске асыру:			
	- қатысушы банкті консервациялау және/немесе қатысушы банктің барлық банкілік операцияларды жүргізу лицензиясынан айыру кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына қатысу	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы
	- Мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің тарату комиссиясының құрамына қатысу	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы
	- Мәжбүрлеп таратылатын банк кредиторларының комитеті құрамына қатысу	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы
	ж Қордың тәуекелінің негізгі аумақтарын анықтау және тәуекелдерді басқару	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы
	з ДҚБЖ қатысушы банктерінің міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған есептері методологиясын дамыту			
	- коэффициенттердің жаңаларын өндіру, қолданыстағыларын түрлендіру және тестілеу	дамыту және енгізу	дамыту және енгізу	дамыту және енгізу
	- коэффициенттердің жаңа шекті мағыналарын анықтау	дамыту және енгізу	дамыту және енгізу	дамыту және енгізу
	- "БАТА" АЖ дамыту	дамыту және енгізу	дамыту және енгізу	дамыту және енгізу
	и Депозиттерді кепілдендіру мәселелері бойынша халықтың арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы
Адам ресурстарын басқару	1 Қор персоналдары біліктілігін арттыру жүйесін дамыту	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы	бұдан әрі дамуы
	2 Жобаларды дамыту үшін кеңесшілерді тарту			
	а Саралау мөлшерлемелері жүйесін жетілдіру бойынша кеңесшілер тарту	кеңесшіні таңдау	кеңесшімен жұмыс	аяқтау
	б Банк мүлкін бағалау әдістемесі бойынша кеңесшілер тарту	кеңесшіні таңдау	кеңесшімен жұмыс	аяқтау

№1 Қосымша

**Халықтың 2010-2012жылдардағы ЕДБ-дағы банк депозиттері
мен міндетті күнтізбелік жарналарының өсу қарқынының болжамы**

мың теңге

	Іс жүзінде		Болжам		
	01.01.2009	01.01.2010	01.01.2011	01.01.2012	01.01.2013
Жеке тұлғалардың депозиттері	1 500 004 510	1 936 311 664	2 004 082 572	2 074 225 462	2 146 823 353
Бір жыл ішіндегі міндетті күнтізбелік жарналар	7 870 263	14 073 951	8 817 963	9 126 592	9 446 022

№2 Қосымша

**«ҚДКБҚ» АҚ 2010-2012 жылдарға арналған
болжамдық көрсеткіштер**

мың теңге

Атауы	кезең		
	2010	2011	2012
Кірістер	8 643 758	9 586 287	10 517 048
Инвестициялық қызметтен түсетін кіріс	8 643 758	9 586 287	10 517 048
Шығындар	212 609	228 889	249 171
Персоналға жұмсалатын шығындар	102 473	112 196	120 463
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді амортизациялау	4 042	4 244	4 456
Іссапарлық шығындар	7 821	8 212	8 623
Персоналды оқыту	2 032	2 134	2 240
Көлік шығындары	3 720	3 906	4 101
Үй-жайды жалға беру мен коммуналдық шығындар	2 214	2 763	2 901
Түсіндірме жұмыстарына жұмсалатын шығындар	33 756	35 444	37 216
Басқа да әкімшілік шығындар	56 551	59 991	69 170
Қаржылық нәтиже (I-бет – II-бет)	8 431 149	9 357 399	10 267 877
Корпоративтік табыс салығы			
Таза кіріс (салық салғаннан соң)	8 431 149	9 357 399	10 267 877
Рентабельділік, %	3 966%	4 088%	4 121%

№ 3 Қосымша

Инвестициялық қызметтен түсетін болжамды есеп айырысу

мың теңге

Жылдары	МҚҚ орналастырылған Қор активтері	Күнтізбелік жарналар	Тарат. массада түсетін сомалар	% кірістілік	Жыл ішіндегі табыс жиыны
2010	173 782 592	8 817 963	2 805 266	4,7%	8 643 758
2011	193 836 970	9 126 592	1 000 000	4,7%	9 586 287
2012	213 320 960	9 446 022	1 000 000	4,7%	10 517 048

Кірістер мен шығындар болжамы

мың теңге

көрсеткіштер	2010	2011	2012
Инвестициялық кіріс	8 643 758	9 586 287	10 517 048
Инвестициялық кіріс өсімі		942 529	930 761
Шығын	212 609	228 889	249 171
Қаржы нәтижесі	8 431 149	9 357 399	10 267 877
Қаржы нәтижесінің өсуі		926 250	910 479

№4 Қосымша

Қор жұмысшылары санының болжамы

көрсеткіштер	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.
Жұмысшылар саны	26	30	35
Онын ішінде негізгі қызметкерлер	26	30	35

№ 5 қосымша

Өтемақы резервінің қарқыны

мың теңге

Жыл	Жарғылық капитал 50%	Күнтізбелік жарналар	Таратылмаған пайда	Тарату массасынан түскен сома	Жиыны
2010	55 000 000	15 286 316	12 953 775	2 805 266	86 045 357
2011	60 500 000	24 412 908	21 384 924	3 805 266	110 103 098
2012	66 550 000	33 858 930	30 742 322	4 805 266	135 956 519


№ 6 қосымша

Қор қоржынының құрылымы

мың теңге


	01.01.2007	01.01.2008	01.01.2009	01.01.2010
Шетелдік валютада орналастырылуы тиіс қаражат			19 039 087	
АҚШ Үкіметінің бағалы қағаздары				
Теңгедегі депозит		10 115 099		37 000 000
Валюталық депозит		2 631 549		
ҚР ҰБ ноталары	4 271 865	6 161 149	10 998 280	6 778 337
РЕПО (қайта) операциялар			1 000 000	
Теңгеде орналастырылуы тиіс қаражат			71 187 374	3 622 234
ҚР Қаржы министрілігінің бағалы қағаздары	4 384 874	4 071 296	17 970 441	106 381 507
Қазақстан ипотекалық компаниясы	4 140 317	934 371	966 851	1 317 012
Жиыны	12 797 056	23 913 465	121 162 032	155 099 089

01.01.2007 жағдай бойынша
қоржынның құрылымы




- ҚИК
- ҚР ҚМ БҚ
- ҚРҰБ ноталар

01.01.2008 жағдай бойынша
қоржынның құрылымы




- ҚИК
- ҚР ҚМ БҚ
- ҚРҰБ ноталар
- Теңгедегі депозит
- Валюталық депозит

01.01.2009 жағдай бойынша
қоржынның құрылымы



- ҚРҰБ ноталар
- ҚР ҚМ БҚ
- ҚИК
- РЕПО (қайта) операциялар
- Теңгемен жайғастырылуы қажет қорлар
- Шетел валютасымен жайғастырылуы қажет қорлар

01.01.2010 жағдай бойынша
қоржынның құрылымы



- ҚРҰБ ноталар
- ҚР ҚМ БҚ
- ҚИК
- Теңгемен жайғастырылуы қажет қорлар
- Депозиттер